

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 14 наурыздағы N 249 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 маусымдағы N 623 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 14 наурыздағы N 249 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "64168600000 (алпыс төрт миллиард бір жүз алпыс сегіз миллион алты жүз мың)" деген сөздер "32691500000 (отыз екі миллиард алты жүз тоқсан бір миллион бес жүз мың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "5941000000 (бес миллиард тоғыз жүз қырық бір миллион)" деген сөздер "320000000 (үш жүз жиырма миллион)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "1102000000 (бір миллиард бір жүз екі миллион)" деген сөздер "102000000 (бір жүз екі миллион)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) осы қаулыға қосымшаға сәйкес "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамының агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың басым бағыттарын қаржыландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруына жарғылық капиталын ұлғайту жолымен 16043900000 (он алты миллиард қырық үш миллион тоғыз жүз мың) теңге бөлінсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2008 жылғы 26 маусымдағы

N 623 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың басым бағыттары бойынша іс-шараларды қаржыландыру

мың теңге

Іс-шаралардың атауы	Жиыны
Кейіннен еншілес акционерлік қоғамдарының жарғылық капиталын ұлғайта отырып, "ҚазАгро" ұлттық	16 043 900

холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту, оның ішінде:	
"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ұлттық компаниясы» АҚ	4 813 900
Тамшымен суаруды қолдану арқылы жеміс-көкөніс өнімдерінің өндірісін дамыту	720 000
Ауыл шаруашылығы өнімінің көтерме сауда базарын салу	110 000
Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру (о.і. кредит беру арқылы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын және дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін)	3 983 900
"ҚазАгроҚаржы" АҚ	7 230 000
Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру (о.і. кейіннен лизингке беру үшін)	4 700 000
Технологиялық жабдықтар мен арнаулы техниканы сатып алуды қаржыландыру (о.і. кейіннен лизингке беру үшін)	1 550 000
Ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін қайта өңдеу бойынша жабдықтарды, сондай-ақ құс өсіру фермаларын құру үшін негізгі құралдарды сатып алуды қаржыландыру (о.і. кейіннен лизингке беру үшін)	980 000
"Аграрлық кредит корпорациясы" АҚ	3 500 000
Ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін өнеркәсіпке кредит беру	3 200 000
Ауылдық жерлердегі ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпкерлік қызмет түрлеріне кредит беру	300 000
"Мал өнімдері корпорациясы" АҚ	500 000
Мал шаруашылығы өнімін сатып алу, қайта өңдеу, тасымалдау және сақтау	500 000